

**АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ МЕТАФОРЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ
АУДАРУДЫҢ (АҒЫЛШЫН, НЕМІС ТІЛДЕРІНЕ) ФУНКЦИОНАЛДЫ-
КОГНИТИВТІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Айгүл Алпысбаева

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің магистранты

Ғалым, филология ғылымының докторы (1947), профессор (1950), Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1961), Қазақстан Ғылым академиясының академигі, «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» (А., 1948) еңбегінің авторы Қажым Жұмалиев «Абай өлеңдерінің поэтик тілдерін ауыз әдебиеті, өзінен бұрынғы, өз кезіндегі тарихи әдебиет тілдерімен салыстыра зерттегенде, сөйлемнің жалпы құрылысына, мағынасына қатысы жоқ кездейсоқ сөздердің кездеспейтінін, әрбір сөз, әрбір образдары сөйлемдегі ойдың бір керегіне жарап, айтайын деген пікірлеріне дайын байланыстылығын, сөйлемде сөз орындары ауыстырылса, олардың өзі де белгілі бір заңға сүйенеді» деп жазады [1]. Демек Абай ақын поэзиясында кез келген ойды немесе құбылысты, әрекетті сипаттауға арналған көркемдік бейнелеу құралдарының өзіндік атқарып тұрған қызметтік-танымдық ерекшелігі бар. Ақын өлеңдеріне керемет әсемдік пен ойлылық беріп тұратын осындай ерекше көркемдік құралдардың бірі – метафора. Эстетикалық әсері зор осы құралдардың поэзияда қолданылуы ұтымды болғанымен аудармада біраз қиыншылықтар туындатады. Себебі ақын ойынан туындаған суреттерді екінші тілге дәл солай жеткізу мүмкін емес. Осы ойды филология ғылымының докторы, профессор, Республика ҒА-ның академигі Жаңғара Дәдебаев «Әдеби компаративистика және көркем аударма» атты еңбегінде төмендегідей айқындай түседі: «Әйтсе де әлем әдебиетінің білгірлерінің еңбектерінде Абайдың ақындық өнері мен азаматтық тұлғасы, адамгершілік ұстанымдары мен философиялық қағидалары әрдайым өз деңгейінде лайықты бағалана бермейді. Оның бірден-бір себебі – Абай шығармаларын басқа тілдерге аударудың қиындығы. Абайдың өлең сөздегі қайталанбас өнерін, әр шығармасындағы тас бұлақтың суындай бірөңкей келісіммен жарасқан сұлулықтың ішкі нұры мен сыртқы жарығын басқа тілде өз деңгейінде лайықты беру қиын. Аудармада ақынның шығармаларында философиялық категория деңгейінде пайымдалған және көркем өрілген мәнді ойлардың, мазмұн мен мағынасының тереңдігін жеткізу де оңай емес. Абай шығармалары аудармаларының көркемдік-эстетикалық әсерін түпнұсқаның көркемдік-эстетикалық әсеріне саймасай жеткізудің жолы мен жобасын да ешкім көрсете алмайды». [2,42]

Мысалы, Абай атамыздың көңіл-күй лирикасы бізді нәзік сыршылдығымен, өзі туралы айта отырып, қоғам, заман жайын танытатын

ой-сезім тереңдігімен баурап алады. Бұл жырлық түрге жататын лирика туындылардан ақынның өзімен өзі ойласқандай, өзімен өзі сырласқандай қалпын, көңіл толғанысын білдіретін: «Не іздейсің, көңілім, не іздейсің?» атты өлеңі. Өлең жолдарында Абай ақын өз ойын білдіру үшін бір шумақта бірден екі метафора келтіреді. Яғни, «*өмір, дүние – ағып жатқан су, ал көрген жаман-жақсы - у*»

«Өмір, дүние дегенің
Ағып жатқан су екен.
Жақсы, жаман - көргенің,
Ойлап тұрсам, у екен...»
(Абай, I том, 145-бет)

Осы өлең жолдарының ағылшын тіліндегі аудармасының авторы Ольга Шартц. Сегіз шумақтан тұратын өлең жолдарының философиялық түйіні берілген соңғы шумақты аудармашы ағылшын тіліне төмендегідей тәржімалайды:

Life, after all, is like a wave
It all too quickly ebbs away,
And good or bad it's all the same,
It's full of poison anyway. [3, 48]

Осы ағылшын тіліндегі тәржіманың қазақ тіліндегі жолма-жол аудармасы төмендегідей болмақ:

*Өмір, ақыр аяғында, толқын сияқты
Бәрі өте тез кейін қайтады,
Жақсы болсын бұл не жаман, бәрі бірдей,
Ол қай жағдай да уға толы.*

Талдау жасайтын болсақ, бірінші ой бөлігіндегі метафора «ағып жатқан су» ағылшын тілінде «like a wave» (толқын сияқты) деп беріледі. Әрине, келісуге болады-ақ. Бірақ толқын арқырап ағып жатқан ағын суда да, тұнып тұрған мұхитта да болады емес пе? Ал, ақынның ағын суға теңеуінің өзіндік мәні бар: өмірдің үздіксіз ағып өтіп жатуы, оның жылдамдығы мен қайтып оралмастығы. Ағылшын тіліндегі тәржіманың жолма-жол аудармасына мән берсеңіз, өмір толқын сияқты кейін қайтады дейді, демек мұхиттың кейін шегінген толқыны айналып кеп қайта соқпай ма? Өмір ше, өтіп кеткен өмірдің қайтып оралуы мүмкін бе? Арқырап ағып жатқан судағы толқындар бірін-бірі қайталауы мүмкін бе? Міне Абай ақын теңеген ағын су тәрізді және аудармада берілген толқын тәрізді өмірдің айырмашылығы осында. Айырашылық тек мағыналық қырынан емес, көркемдік бейнелеу құралдарының атқарып тұрған функциясынан да байқалады: қазақ тілінде

метафора функциясын атқарып тұрған бұл өлең жолдары (*өмір, дүние –ағып жатқан су*) ағылшын тілінде «simile» (салыстыру) деп аталатын «as, like» қосымшаларының көмегімен жасалатын көркемдік құралға айналып тұр (*өмір толқын сияқты*). Сонымен қатар аудармашы өлеңнің төртінші тармағындағы «уды уға толы» деп алмастырып, метафоралық қасиетін жойып жібереді.

Неміс тілінде бұл өлең жолдары төмендегідей түрге енеді:

Das sogenannte Leben, die vorgebliche Welt-
Sie gleichen in Wahrheit des Wassers Drift.
War's gut, war's schlecht, was ich in Jahrzehnten erlebt-
So recht bedacht, war alles nur Gift. [4,19]

Неміс тіліндегі бұл тәржіманың қазақ тіліндегі жолма-жол аудармасы төмендегідей болмақ:

*Солай аталатын өмір, солай болжанатын өмір,
Олар ұқсайды шыныменен судағы дрейфке,
(Дрейф нәрсенің ақырынәрі үздіксіз жылжуы
Менің соңғы онжылдықтарда басымнан кешкенім
жақсы болды ма, жаман болды ма,
Барынша уайымдағыным, бәрі жай ғана у болды.*

Көріп отырғанымыздай, аудармашы бірінші ой бөлігіне біршама өзгерістер енгізеді: «өмір деген ұғымды - Das sogenannte Leben (солай аталатын өмір)» деп өмірдің алдына эпитет қойса, «дүние деген ұғымды да - die vorgebliche Welt (болжамалы әлем)» деп анықтайды. Ал метафораны «gleichен-ұқсайды» етістігі арқылы көрсетіп, теңеуге айналдырып жібереді. Яғни, өмір мен әлем ағып жатқан суға ұқсайды.

Бірақ бір атап өтетін жағдай, жоғарыда көрсетілген ағылшын және неміс тіліндегі тәржімалардың екеуі де түпнұсқадан емес, орыс тіліндегі аударма нұсқасынан тәржімаланған. Дәл қай нұсқасы екені белгісіз. Мысалы, аудармашы Ю.Кузнецов өлеңнің соңғы төрт шумағын орыс тілінде төмендегідей сөйлетеді:

*Благие годы на просторе,
Как воды пенятся, шумят.
В былом все радости и горе,*

Когда задумаешься, - ад. [5,166] . Бұл тәржімада да түпнұсқадағы өлеңнің бірінші, екінші тармағында көрініс тапқан метафора «*Как воды пеняются, шумят*» деп теңеуге айналып кеткен.

Ал «Қыс» атты өлеңінде Абай ақын осы жыл мезгілін адам бейнесінде суреттеу үшін күрделі әрі келісті метфоралар қолданады. Бұрын қысты бұлай суреттеу болмаған-ды. Абай оны қазақтың ұғымына сай «кәрі құдаң - қыс келіп, әлек салды» деген тәрізді байырғы сөздер арқылы образдар жасайды. Қысты ақ сақалды шал бейнесінде суреттеу бұрынғы қазақ әдебиетінде, Абайдан басқаларда кездеспейді.

Ақын төмендегідей **метафораның ұлғайған түрін** келтіреді:

а) «Дем алысы - үскірік, аяз бен қар,
Кәрі құдаң - қыс келіп әлек салды».
(Абай, I том, 83-бет)

Қ.Жұмалиев атап өткендей байырғы сөздер арқылы жасалған осы жолдардағы образдарды ағылшын тіліне аудармашылар қалай бейімдеп аударды екен деген сұрақ пен қызығушылық әрбір оқырманда туындамақ. Абайдың жыл мезгілін суреттейтін өлеңін Дориан Роттенберг тәржімалаған екен:

The grumpy old fellow does plenty of harm.
His breath stirs up blizzards, brings snow and cold.
With a cloud for a hat on his shaggy head,
He marches along, all the world in his hold. [3,105]

Ағылшын тіліндегі тәржіманың қазақ тіліндегі жолма-жол аудармасы:

*Қазымыр шал көп зиян келтіреді,
Оның демалысы боранды жандандырып, қар мен суық әкеледі.
Дода(сабалақ, жалбыраған) басында қалпағы бар бұлтпенен,
Бүкіл әлем қолында, ол алдыға жылжиды.*

Ағылшын тәржімашысы да аударманы түпнұсқадан емес, орыс тіліндегі нұсқасы арқылы жасаған, бірақ дәл қай нұсқасы екені белгісіз. Мысалы, Ю. Кузнецов бұл өлең жолдарын:

Пар дыхания свежен, морозен и лют.
Так пришел старый сват – и потряс наш покой [5,172]- деп тәржімаласа,

1888 жылы орыс ақыны Вс. Рождественский :

Старый сват, белый дед натворил много бед.

От дыханья его - стужа, снег и буран-, деп орыс тілінде суреттейді.

Ағылшын тіліндегі тәржімамен салыстырғанда, орыс тіліндегі екі аудармада да түпнұсқадағы «құда» ұғымы сақталады, себебі орыс халқында да «сваты» түсінігі бар. Бұл жағдайға ағылшындарда «құда» деген түсінік пен атаудың болмау әсер еткен болар, аудармашы «құданы-шалға» айналдырған, бірақ «шал» сөзінің алдына түпнұсқада берілген «кәрі» эпитетімен бірге өзі қосқан тағы да бр эпитет **«grumpy-сварливый-қазымыр»** артық болған секілді. Себебі қазақ халқының дүниетанымы, салт-санасы бойынша құдаға әрқашан құрметпен қараған. «Күйеу жүз жылдық, құда мың жылдық» деген өнегелі сөз оның дәлелі. Құдасын қазақ әрқашан ерекше ілтипатпен қарсы алып, сый көрсеткен. Одан да тереңірек үңілетін болсақ, осы өлең жолдарынан авторлық концептті де байқауға болады. Ол үшін ақын неге қысты құдаға теңеді деп, содан неге кәрі құдаға теңеді деген сұраққа жауап беру керек сияқты. Иа, қыс – өте суық, қатал жыл мезгілі. Қысты абыроймен қарсы алу үшін адамдар жаз бойы қамданып, қалай келсе де күтіп алуға мәжбүр. Бірақ сол үшін ешкім қысқа сен суықсың, қаталсың деп айта алмас, себебі оның табиға болмысы сол. Қазақы ұғымдағы құданың да болмысы сондай. Құдаң қандай болса да, қалай келсе де ерекше сый-құрметпен қарайсың. Міне, сондықтан да «шал» мен «құда» сөздерінің мәні бір-бірінен тым алшақ, бірақ бұл тағы да аударматану ғылымында шешімін таппай келе жатқан байырғы, белгілі бір халыққа ғана тән сөздерді қалай аудару керек деген мәселенің еншісінде.

Енді өлеңдегі метафораның аудармасына келетін болсақ, Абай қыстың «демалысын жай ғана үскірік, аяз бен қар» деп атап өтсе, аудармашы оларды әрекет еткізіп, қимыл бітіреді: *«оның демі үскірікті асқындырып, қар мен суық әкеледі»*.

Абайдың осы «Қыс» атты өлеңін ағылшын тілінде аудармашы Ричард МакКейн де сөйлетті:

Each breath is shrouded in a frosty cloud.

He came like a long lost relative and caused a commotion.

Аталған тәржіманың жолма-жол аудармасы төмендегідей болмақ:

Әрбір демі аязды бұлтқа оранып

Ол бұрын жоғалған туысқандай келіп әлек салды.

Көріп отырғанымыздай аудармада түпнұсқадағы қазақы ұғым мүлде жоғалып кеткен. Яғни, аудармашы «кәрі құда» деп метафора арқылы көрініс тапқан авторлық концептіні жойып жіберіп, қысты «бұрын жоғалған туысқанның» келуіне теңейді. Ал «демалысы –үскірік, аяз бен қар» деп

метафора арқылы суреттелген тармақ жай сөйлемге айналған: *үскірік, аяз бен қар – аязды бұлт деп тәржімаланады.*

Осы жолдарының неміс тіліндегі нұсқасы төмендегідей:

*Sein Atem verströmt Schneegestöber und Frost.
Der Winter – als Freier?- hat uns übermannt! [4,11]*

Жолма-жол аударма жасайтын болсақ:
*Оның дем алысы қар мен аязды аямай берді,
Қыс - күйеу жігіт тәрізді?- бізге зиян келтірді.*

Көріп отырғанымыздай, неміс тіліндегі нұсқасында да аудармашы «қыстың демалысына жан бітіріп, қар мен аязды аямай берді» деп әрекет еткізеді. Екінші өлең жолындағы метафора «*als-сияқты*» қосымшасы арқылы теңеуге айналып кеткен. Теңеуде бір нәрсені екінші бір нәрсеге теңегенде, екеуінің арасында еш айырма жоқ, тепе-тең деп ұқпаймыз. Екеуі екі нәрсе, екеуінің жігі әрдайым ап-ашық. Тек белгілі нәрсе арқылы белгісіз нәрсені көзге елестетеміз. «Ол – кәрі құдадай» дегенде, құда сықылды, тәрізді, бірақ құда емес.

Метафорада ондай сілтеу жоқ. «Кәрі құдаң-қыс» деп кесіп айтады. «кұда-күйеу бала» деп тәржімаланып, өзінің мәнін мүлде жоғалтқан.

Міне, «ақын ойынан туындаған суреттерді екінші тілге дәл солай жеткізу мүмкін емес» деп жоғарыда аталып өткен тұжырымның дәлелі осындай болмақ. Бірақ дегенмен аудармашы аудармастан бұрын түпнұсқа тілін, түпнұсқаның авторын, оның шығармашылығы мен тұлғалық ерекшелігін зерттеп, өлеңде көрініс тапқан дәстүрлік, салттық ерекшеліктерді зерделеп, өлеңнің стилистикалық, құрылымдық ерекшелігіне мән бері керек тәрізді. Сонда ғана түпнұсқа мен аударма арасындағы алшықтық азаятын болар.

Әдебиет

1. Қажым Жұмалиев → Абай өлеңдеріндегі ауыстыру мағынасында қолданылатын сөздер (тропы). Әдеби әлем. Қазақстандағы алғашқы әдеби портал. <http://www.kazakhadebieti.kz>
2. Дәдебаев Ж. «Әдеби компаративистика және көркем аударма».2011. 183 б.
3. KUNANBAYEV ABAI - *Selected Poems*. Progress Publishers Moscow. 1970, 1st Edition.
4. *Abai. Zwanzig Gedichte*. –Köln: Önel Verlag, 2008.

5. Сейсенбаев Р. Абай. ҚАРА СӨЗ. КНИГА СЛОВ. Халықаралық Абай клубы. Семей 2001.-186 б.
6. Құнанбаев Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы [Текст]: Өлеңдермен поэмалар.- Алматы "Көркем әдебиет", 1957.- 368 б.www.abai-inst.kz